

Көшелерге жаңа атаулар беру туралы

Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласы әкімдігі Байыркұм ауылдық округі әкімінің 2009 жылғы 5 қазандағы N 5 шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Арыс қаласының Әділет басқармасында 2009 жылғы 17 қарашада N 14-2-82 тіркелді

«Қазақстан Республикасы әкімшілік – аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының 1993 жылғы 8 желтоқсандағы Заңының 14-бабының 4-тармақшасына сәйкес, Байыркұм ауылдық округі елді мекендерінің көшелері тұрғындарының пікірлерін ескере отырып, Байыркұм ауылдық округ әкімі **ШЕШІМ ЕТЕМІН:**

1. Байыркұм ауылдық округі ауылдарындағы көшелерге төмендегіше жаңа атаулар берілсін.

Б а й ы р қ ұ м а у ы л ы б о й ы н ш а :

Сансызбай көшесіне – С.Адамбеков, Ә.Назарбеков көшесіне – Желтоқсан, С.Көкежанов көшесіне – Төле би атаулары берілсін.

Байыркұм ауылындағы атаулары жоқ көшелерге – Кенжебай баба, Т.Тәжібаев, Сары-арық, Қазыбек би, Әйтеке би, Б.Малин, Ы.Алтынсарин, С.Сейфулин, М.Дулати, Б.Момышұлы, М.Жұмабаев, Абылайхан, А.Байтұрсынов, Сырдария, Сүлім-арық, Абай, А с т а н а а т а у л а р ы б е р і л с і н .

Көкжиде ауылындағы атауы жоқ көшеге – М.Мәметова, № 1 көшеге – Алматы, № 2 көшеге – Алпамыс батыр, № 3 көшеге – Көктоғай атаулары берілсін.

Жосалы ауылындағы № 1 көшеге – Тартоғай атауы берілсін.

2. Осы шешімінің орындалуын қадағалау Байыркұм ауылдық округі әкімі аппаратының бас маманы А.Таженовке жүктелсін.

3. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізілсін.

Байыркұм ауылдық округ әкімі

Е.Сариев